

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға  
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ  
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к  
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

*Организатор и редакционная коллегия*  
Сериков Т.М.

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.**

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

*Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!*

**Акылбекова Н.Ж.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

**Мейрханова Т.Қ.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к тобы, студент

**Аюев Е.Ж.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

**Әбдіхалық Н.Т.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к тобы, студент

*(Ғылыми жетекшісі- доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М.)*

## **ФИЗИКА ЖӘНЕ НАНОТЕХНОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖАЛҒЫЗДЫҚ ДЕНГЕЙІ**

Дүние жүзіндегі элеуметтанушылар дабыл қағуда-жер бетінде жалғызбасты адамдар көбейіп келеді. Сонымен қатар, планетаның шамамен он екі тұрғынының бірі эмоционалды деңгейде жалғыздықты сезінеді, бұл денсаулыққа үлкен проблемалар алып келуі мүмкін. Урбанизацияның өсіп келе жатқан қарқынымен Қазақстан үшін бұл мәселе өзекті.

Жалғыздық – адам баласының жан дүниесімен жеке қалуы. Өзімен-өзі күрес, арпалыс. Психологтар адам баласының жалғыз қалуды, жалғыздықта өмір сүруді қалауы белгілі бір деңгейде дерттің белгісі дейді. Себебі ортадан бөліну, өзін жалғыз сезіну үрдісі мидың ауытқуына әсер етеді. Ал шығармашылық адам үшін жалғыздық мүлде басқа түсінікте қалыптасқан. Ол адамның жеке қалуы ғана емес, ішкі жан дүниемен сырласуы деп түсінеді. Сонымен сіздерге жалғыздық туралы қанатты сөздер мен ұлылардың айтқан тәмсілдерін ұсынып отырмыз.

Жалғыздықтың себебі, ең алдымен, қазіргі өркениеттің адам психикасына үнемі ауыртпалық түсіруімен байланысты.

Назар аударатын бірнеше тармақтар:

Жалғыздық - бұл эмоция. Біз жалғыздықты сыртқы жағдай емес, ішкі эмоция деп санауымыз керек. Басқаша айтқанда, жалғыздық оқшаулану емес. Көптеген оқшауланған адамдар жалғыздықты сезінеді. Бірақ көптеген адамдар оқшаулануды іздейді және оны жағымды нәрсе ретінде қабылдайды. Бұл кезде біз оны көбінесе жалғыздық деп сипаттаймыз. Сондай-ақ, оқшаулану жалғыздықтың міндетті шарты емес екенін атап өткен жөн: сіз басқа адамдармен қоршалған кезде де өзіңізді жалғыз сезіне аласыз. Шындығында, көптеген адамдар жалғыздықтың ең айқын эпизодтарын адамдармен қоршалған кездегідей сипаттайды.

Жалғыздық ауыртпашылық келтіруі мүмкін. Жалғыздық жиіркенішті немесе ыңғайсыздықты тудырады деген ой сіздерде қалыптасуы мүмкін. Бірақ мұны түсіндірген дұрыс, өйткені көптеген адамдар жалғыз қалғанда немесе басқалардан алыс болғанда өзін жақсы сезінеді. Жоғарыда айтқанымыздай, көптеген адамдар жалғыздыққа ұмтылады, өйткені олар ол сәттерді ойды және миды қалпына келтіретін, тыныштандыратын немесе шығармашылықты дамыту үшін пайдалы деп санайды.

Жалғыздық біз қалай бір затты қабылдаймыз және түсінеміз сондан туындайды. Жалғыздық ешқашан сыртқы бақылаушыға анық байқалатын нәрсе емес, өйткені барлық эмоциялар сияқты ол адамның субъективті қабылдауынан туындайды. Жалғыздық әр адамға әртүрлі қалыптасады және жалғасады. Әртүрлі адамдар арасында жалғыздықтың көптеген ортақ элементтері болғанымен, екі адамның жалғыздық тәжірибесі бірдей емес деп айтуға болады.

Жалғыздық жақын жандардың болмауымен байланысты. Жалғыздықты ең ерекше сипаттайтын нәрсе - басқа адамдармен жақындықтың болмауы. Эмоционалдық деңгей

жақындықтың болмауын көбінесе ортақ мүдделер немесе құндылықтар тұрғысынан ортақ ой болмауын алсақ болады, оның өзегі негізінен эмоционалды деңгейде, яғни ол басқа адамдармен (немесе өзімен) байланысты сезімнің болмауын қамтиды.


Жалғыздық мәселесі жастар арасында көп пе? Жалғыздық неден туындайды? Қаншалықты адамдар жалғыздықты сізінеді? Жалғыз қалған қаншалықты адамдарға ұнайды? Жалғыздықтың жақсы жақтары қандай?

Осы сұрақтарға жауап алу үшін біз Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттерінен сауалнама жүргізген болатынбыз. Студенттердің жалғыздық сезіміне деген көзқарастары мен өздерін эмоцияналдық деңгейде жалғыздығын сезіну жайлы сауалнама алдық

Мәліметтер алу үшін студенттерге сауалнама онлайн түрде жүргізілді. Сауалнамаға 37 студент қатысып, өз пікірлерін жазды.

Сіз өзіңізді жалғыз сезінесізбе?

37 ответов




Сауалнамадан анықтаған мәліметтерге байланысты сауалнама қатысушыларының 75,7% яғни 28 қатысушы өзін жалғыз деп сезінбейбі алайда қалған 16,2% яғни 6 адам өзін жалғыздықта сезінеді екен онымен қоса жалғыздық туралы сұраққа кейде деген жауаптарда болды ол 2 адамды құрайды. Осыған байланысты әр бір 6-шы адам өзін жағызбын деп есептейді.

Жоғарыда айтып өткендей әр адам жалғыздықты әртүрлі түсінеді және қабылдайды соған байланысты адам типі туралы да сауалнамада сұрақ болды.

### Типіңіз қандай?

36 ответов




Бұл сұрақ жауабында қатысушылар тең 3 ке бөлінді, яғни 12 қатысушы экстраверт, 12 қатысушы интроверт және 12 адам амбиверт болып шықты. «Экстраверт» деп публика алдында сөз сөйлегеннен қысылмайтын, адамдармен тез араласуға бейім тұратын, кез келген әрекетін сыртқы ортамен бөлісетін адамдар типіне жатқызамыз. «Интроверт» деп жалғыздықты сүйетін, өз-өзімен тілдескенді ұнататын, ішкі әлемінде өмір сүретін жандарды айтамыз. Ал «Амбиверт» деп жағдайға байланысты екі типке де ене беретін адамдар. Статистика бойынша көпшілік экстраверт адамдар белгілі бір ортада болмаған кезде өзін жайсыз сезініп, көп уақыт жалғыздықта қалуға қорқады екен.

Осыған келе сауалнаманың сұрақтарының бірі қатысушылардың жалғыздықта қанша уақыт өткізуі туралы айтып кетсек

### Жалғыздықта қаншалықты уақытты көп өткізесің?



37 ответов



Сауалнама қатысушыларының басым көпшілігі жалғыздықта көп уақытын өткізеді деген шешімге келдік ол жалғыздықта уақытын аз өткізетін адамдардан 2 есе артық, яғни 67,6% бен 32,4% құрайды.

Өзін жалғыз сезіну адамдармен қарым-қатынасының белгісі немесе себебі болып саналады. Жалғызбасты адамдарға өз сезімдерін ашу және білдіру қиынға соғады. Олар басқа адамдар оларды шынымен «түсінбейтін» деген сезімге ие және жиі дұрыс бағаланбайды. Олар аздап ашылады, бірақ осалдықтан қорқады немесе қауіп төндіреді

және болашақ осалдықтан қорқып, болашағы бар қарым-қатынастарды бұзады. Осылайша, бұл адамдар созылмалы жалғыздықты сезініп қана қоймайды, сонымен қатар олар жиі қатты алаңдаушылық пен ұятты бастан кешіреді, өйткені олар жақынырақ болу үшін не істеу керек екенін біледі, бірақ іс жүзінде мұны істемейді.




Осы мәселеге байланысты қатысушылардың орта өздерін қалай сезіну туралы жауаптарын ала отыра басым көпшілігі 73% ортада өздерін сенімді ұстай алатының айтты қалған қатысушылар «әр кезде әр түрлі» деген жауап қайтарды.

64,9% қатысушылардың ойынша адамдар бір бірінің кемшіліктеріне аса қатты назар аудармайды деп есептейді.

Достық пен қарым-қатынас ең үлкен рөл ойнаған сон қатысушылардың достары жайлы сұрақтар болды.



Статистикаға сүйенсек 37,8% қатысушылардың достары 5-6 адамды ,37,8% да 10-15 адамды, 24,3% да 2-3 адамды құрайды екен. Осы достарының арасында жақын жанға өзінің құпияларын айта алады ма? деген сұрақтыңда жауабы бар.



Басым бөлігінде 62,2% жан сырын, құпиясын айта алатын жандар бар екен. Алайда 32,4% адамдар өз сырымен ешкіммен бөлісе алмайды екен.

Жалғыз болу немесе достарының көп болуы - бұл жеке таңдау. Әр адамның жеке екенін түсіну маңызды, ал біреуіне сәйкес келетін нәрсе екіншісіне сәйкес келмеуі мүмкін. Дегенмен, әлеуметтік байланыстар біздің өмірімізде маңызды рөл атқарып, оны байытып, қуаныш сыйлайтынын есте ұстаған жөн.


Егер сіз жалғыздық жолын таңдасаңыз, оқшаулану мен жалғыздықты болдырмау үшін тәуелсіздік пен әлеуметтік өзара әрекеттесу арасындағы теңгерімді табу маңызды. Достар өмірде құнды тірек бола алатынын есте сақтаңыз, бірақ бойдақ болу сіздің табиғатыңыз бен өмірдегі құндылықтарыңызға сәйкес келсе, таңдауыңызды құрметтеу маңызды.



Сіздерге бір қызықты мәлімет айта кетсек біздің сауалнаманың 16,2% адамының жұбы бар.

Қалған 67,6% қатысушыларда әлі де жеке өмірлерінде барлығы тыныш.

Жалғыздықтың сөзсіз жағымды жақтарыда бар алайда олардың мөлшері салыстырмалы аз оның жағымды жақтары айтсақ





Сауалнама қатысушыларының 81,1% адамға жалғыз қалған ұнайды яғни олар жалғыздық кезінде өздерін еркен сезінеді. 18,9% адам тіпті өзін жалғыздықта сізінгісі келмейді.

Адам саналы түрде жалғыздықты таңдайтын жағдайлар бар. Оған стрессті міндеттер мен жағымсыз эмоциялардың мөлшері артқан кезде туындауы мүмкін. Бірақ, жалғыздықтан айырмашылығы, бір мезетке ғана жалғыз қалу адамға ыңғайсыздық әкелмейді. Ол тыныштық береді, ал жалғыздық әрқашан қайғы мен алаңдаушылықпен бірге жүреді.

Бұл саналы таңдау, ойларыңызды жүйелеу және қайта жүктеу үшін өзіңізбен жалғыз болу қажеттілігі. Адамдар өз еркімен жалғыздықты таңдайтын көптеген мысалдар бар, мысалы, гермиттер, монахтар немесе рухани тәжірибелермен айналысатын адамдар. Олар адамзатпен, ғаламмен және Құдаймен байланыстарды аша алады. Ал бұл ішкі байланыстар оларға толықтық сезімін береді.

Қорытындылай келе біз осы таңдаған себебіміз адамдарда қазір жалғыздықпен күресетіндер мен жалғыз оқшауланатындар көпшілік. Жалғыздықтан қалай құтылу керек екенін, жалғыздық ол өзінің сана-сезімінде ғана екенін білмейтіндер қоғамда қаншама дертке ұшырайды.

Егер жалғыздық деген затпен жақсы қолдана білсек қазіргі әлемдегі мен-мен деген адамдар сияқты мол табысқа да, атаққа да жетуге болады.

Біздің статистикамызда көргендеріңіздей жалғыз қалатындар көп, бірақ өзін жалғыз сезінетіндер санаулы. Жалғыз сезінетіндер көбінесе айналадағы адамдардың ойымен жүргендіктен оларға сын көзбен қарайды деген қорқынышпен жүреді. Біздегі статистикада біздің курстастарымыздың көпшілігі жалғыздықпен зардап шекпейді, оқшауланғанды ұнатады. Қойған сұрақтары Осындай қорқыныш, не басқада жалғыздықта қалудың адамдар жаман жағын ғана көргендіктен осындай зерттеулер жасадық. Қойған сұрақтар арқылы студенттеріміз қаншалықты жалғыз сезінетінін анықтадық. Осы жұмысымызбен көпшілікке жалғыздық пен оқшауланудың айырмашылығын және ол қандай пайда әкелетіні туралы ақпараттарымыз бен ойларымыз көмектесті деген ойдамыз. Жалғысырамаңдар, бірақ оқшаулануды әдетке айналдырыңдар, осы кезде бақыт пен табысқа кеңелесіңдер!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://press.kz/novosti/pochemu-kazahstanczy-stradayut-ot-odinochestva-i-kak-s-nim-borotsya?ysclid=lulltlebel523332194>
2. <https://www.b17.ru/article/508039/?ysclid=lulrw7dd70630358918>
3. <https://www.b17.ru/article/odinochestvo-2023/?ysclid=lulhtjjw74117794078>

**Ергеш Б.Б.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

**Аманкелді А.С.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

**Қайыржан А.Қ.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

**Илесбай Л.Қ.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

*(Ғылыми жетекші - доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)*

**Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕР  
ҮЙІНДЕ ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР**

## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

<b>Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....</b>	<b>6</b>
<b>Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....</b>	<b>11</b>
<b>Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....</b>	<b>17</b>
<b>Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....</b>	<b>22</b>
<b>Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....</b>	<b>26</b>
<b>Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....</b>	<b>30</b>
<b>Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....</b>	<b>44</b>
<b>Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....</b>	<b>49</b>
<b>Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....</b>	<b>54</b>
<b>Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....</b>	<b>58</b>
<b>Ақылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....</b>	<b>64</b>
<b>Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....</b>	<b>70</b>
<b>Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....</b>	<b>75</b>
<b>Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....</b>	<b>79</b>
<b>Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....</b>	<b>81</b>
<b>Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....</b>	<b>86</b>
<b>Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....</b>	<b>92</b>
<b>Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....</b>	<b>98</b>
<b>Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....</b>	<b>104</b>